

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу тұжырымдамасының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 08-1-1-1/70 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 04 сәуірде № 9318 тіркелді.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-2 бабының 2 тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 21.04.2025 № 11-1-4/232 (01.06.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу тұжырымдамасының нысаны бекітілсін.

2. Халықаралық құқық департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрі

Е. Ыдырысов

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2014 жылғы 11 наурыздағы
№ 08-1-1-1/70 бұйрығымен
бекітілген
Нысан

Халықаралық шартты жасасудың тұжырымдамасы

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 21.04.2025 № 11-1-4/232 (01.06.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.	Жасасуға ұсынылатын халықаралық шарттың атауы	[ақпаратты енгізу өрісі]
2.	Халықаралық шартты жасасуды ұсынып отырған мемлекеттік орган	[ақпаратты енгізу өрісі]
3.	Халықаралық шартты жасасудың бастамашысы болып табылатын тарап	[ақпаратты енгізу өрісі]
4.	Халықаралық шарттың жасалатын күні мен орны	[ақпаратты енгізу өрісі]

5.	Халықаралық шарттың түрі	[ақпаратты енгізу өрісі]
6.	Қатысушылардың саны бойынша халықаралық шарттың түрі	[ақпаратты енгізу өрісі]
7.	Контрагент	[ақпаратты енгізу өрісі]
8.	Халықаралық шарттың санаты	[ақпаратты енгізу өрісі]
9.	Халықаралық шарттың тиесілігі	[ақпаратты енгізу өрісі]
10.	Халықаралық шарттың реттеу саласы	[ақпаратты енгізу өрісі]
11.	Халықаралық шарттың мақсаттары	[ақпаратты енгізу өрісі]
12.	Халықаралық шартты жасасудың орындылығының негіздемесі	[ақпаратты енгізу өрісі]
13.	Халықаралық шарт жасалған жағдайда оны іске асырудан күтіліп отырған нәтиже (әлеуметтік, қаржы-экономикалық, құқықтық, өзге де мүмкін болатын нәтиже)	[ақпаратты енгізу өрісі]
14.	Халықаралық шартты жасасудың болжамды мерзімдері	[ақпаратты енгізу өрісі]
15.	Егер халықаралық шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді өткізілуі талап етілсе, мұндай рәсімдерді өткізудің болжамды мерзімдері	[ақпаратты енгізу өрісі]
16.	Халықаралық шарт жасалған жағдайда оны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	[ақпаратты енгізу өрісі]
17.	Контрагентпен қатынастарда осындай реттеу нысанасы ұқсас басқа да халықаралық шарттардың болуы	[ақпаратты енгізу өрісі]